

**Шардара ауданының білім бөлімінің
«№2 Жамбыл Жабаев атындағы бастауыш мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

БҰЙРЫҚ № Н-62

Шардара қаласы

«08» 05 2025ж

2024-2025 оқу жылын аяқтау туралы

Түркістан облысының білім басқармасының 03.05.2025 жылғы №25/2977 санды хаты негізінде, Шардара ауданының білім бөлімінің 06.05.2025 жылғы №187 санды хатын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында мектепте оқу сабақтары 2025 жылдың 23 мамырында «Білімім-Отаным!» атты республикалық сынып сағатымен аяқталсын.

2. Сынып сағатында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде эссе байқауын ұйымдастыру бойынша ұсынымдарына сәйкес 1-4 сыныптар арасында 12-20 мамыр аралығында «Таза Қазақстан» тақырыптық бағытында эссе жазу байқауы өткізілсін.

Педагогикалық этиканы сақтау және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында:

- ата-аналардан каражат жинауға,
- аниматорлар, агенттіктермен жеке студияларды тартуға,
- мектепалды даярлық топтары мен 4-сынып оқушылары үшін салтанатты шаралар өткізуге жол берілмейді.

Сонымен қатар, мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлықтар алу үшін каражат жинауға қатаң тыйым салынады.

Аталған өрескелдіктер орын алған жағдайда заңнамаға сәйкес қатаң шаралар қолданылады.

3. Бұйрықты орындау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары М.Ш.Нурманова мен Г.Х.Абдугаппароваға жүктелсін.

4. Оқу жылын аяқтау туралы ақпарат білім бөліміне ағымдағы жылдың 23 мамыр 12:00 дейін жолдансын.

Негізі: Шардара ауданының білім бөлімінің 06.05.2025 жылғы №187 санды хаты.

Мектеп директоры:

Тунгушбаев А.А.



Манкыстын Ариф
Манкыстын Ариф

**Шардара ауданының білім бөлімінің
«№2 Жамбыл Жабаев атындағы бастауыш мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

БҰЙРЫҚ № Н- 111

Шардара қаласы

«29» 08. 2024ж

**2024-2025 оқу жылының басталуын,
ұзақтығын және каникул кезеңдерін
айқындау туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі №74 бұйрығы, Шардара ауданының білім бөлімінің 29.08.2024 жылғы №173 бұйрық хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 жаңа оқу жылының басталуы, ұзақтығы және демалыс кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

2024 жылғы 1 қыркүйек – 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-4 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан - 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);

1 -сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда);

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары Г.Сағым мен Э.Умароваға жүктелсін.

Мектеп директоры:



Айдарханова Г.К.